С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары-10: Мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары//Материалы международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-10: «Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны», посвященной 120-летию со дня рождения С. Сейфуллина. – 2014. – Т.1., ч.1. – Б.122-123

НЬЮКАСЛ АУРУЫНА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЛЫҚ ПРЕПАРТТЫ ӘЗІРЛЕУГЕ РЕГЛАМЕНТ ҚҰРАСТЫРУ

Л. Б. Кутумбетов, Б.Ш. Мырзахметова,
Д. Мұсагиева, Ж.Ө. Кемешов,

Құстардың Ньюкасла ауруы (жалған оба) - жіті өтетін және тез таралатын ауру, тыныс алу, ішек-қарын жолы органдарының және орталық нерв жүйесінің бұзылуымен сипатталып, құстардың жаппай өлімін туғызады. Иммунитеті әлсіреген вакцинацияланған құстарда аурудың айқын және патологиялық-анатомиялық белгілері көрінбеуі мүмкін.

Ауру қоздырғышы - парамиксовирустар туыстығына жататын вирус.

Індеттің көзі ауру құстар және аурудың инкубациялық кезеңіндегі жұқтырып алған құстар (жасырын кезең), ауру 3 күннен 7 күн аралығына созылуы мүмкін, (кейде 10 күнге дейін). Ауру құстар сыртқы ортаға негізінен мұрыннан бөлінген сұйықпен және нәжісімен вирус бөледі.

Ауру қоздырғышының көзі ауру құстардан алынған залалсыздандырылмаған құс өнімдері және шикізаттары болуы мүмкін (жұмыртқа, ет, мамық-түк, қауырсын), немесе ауру құстардың бөлінулерімен ластанған азық, су, құралдар, қызмет етуші кісілердің киімі және аяқ киімі, көлік заттары және ауру қоздырғышы оларда ұзақ уақыт сақталынуға қабілетті.

Кәзіргі кезде, құстардың бұл ауруына қарсы тиімділігі жоғары ветеринариялық алдын алу шаралары ойластырылса да, шаруашылықтарда жиі кездесіп, экономикалық шығынға ұшыратып жүр. Табиғи жағдайда аурудың қоздырушысына тауық отрядына жататын барлық жастағы құстар түрі сезімтал. Ауру аз уақыт ішінде көп құс басын қамтиды және ауырған тауықтардың 90-100% өлімге ұшыратады. Сонымен қатар Ньюкасл ауруымен құс етін өңдейтін цехта және зертханада жұмыс істейтін адамдардың ауырғаны тіркелген

Жұмыстың мақсаты– Ньюкаслауруына қарсы тірі құрғақ вакцинаны жасап шығарудың регламентін құрастыру үшін Ньюкаслауруы вирусының белсенді биомассасын өндіру технологиясын жасау.

Жұмыс барысында Ньюкасл ауруы вирусының таралу параметрлерін анықтау бойынша, осы вирустың жоғары титрі бар белсенді биомассасын өндіруге мүмкіндік беретін, сондай-ақ техникалық және технологиялық құрамдас бөлігіне, үдерістерге, Ньюкасл ауруына қарсы вакцинаны жасап шығарудың регламентін құрастыру үшін параметрлерге зерттеулер жүргізілді. Сонымен қатар, өнеркәсіптік жағдайларда пайдалану және

өндірісіне технологиялық регламенттерді жасап әзірлеу үшін зерттеулер жүргізілді.

Негізгі ветеринариялық және биотехнологиялық көрсеткіштер: Ньюкасл ауруы вирусының дайындалған және таңдалып алынған штамы дамып келе жатқан тауық ұрықтарында жеткілікті дәрежедегі репродуктивті белсенділікке ие, құстар және қоршаған орта үшін зияны жоқ, әлсіз реактогенді және иммуногенді. Иммунобиологиялық қасиеттері бойынша вирустардың алынған штаммдары шетелдегі бар аналогтарынан кем түспейді және Ньюкасл ауруына қарсы вакцинаны жасап шығарудың технологиясында пайдалануға жарамды.

Жұмыстың тиімділігі. Вирус штамында, оның ақырғы өнім –Ньюкасл ауруына қарсы бивалентті жоғары иммунбиологиялық қасиетті бар вакцинаны алуға мүмкіндік беретін, жеткілікті дәрежеде жоғары иммунбиологиялық белсенділігінің бар болуымен бағаланады, ал оның репродуктивті қасиеттері мен биомассада физикалық қозғаушы күштерінің әсеріне төзімділігі әзірленетін өндірудің технологиясы параметрлерін және үдерістің технологиялылығын алдын ала анықтайды.

Жұмыстың нәтижелері. Ньюкасл ауруы вирусының штамы дайындалып, таңдалып алынды, титрлер репродукциясы сәйкес $10^{6,5}$ – $10^{8,75}$ $ЭИД_{50/см^3}$ болатын осы вирустың биомассассын алудың технологиялық және биологиялық параметрі анықталды. Ньюкасл ауруы қарсы вакцинаны жасап шығарудың техникалық құрамдас бөліктері, технологиялық үдерістері және параметрлері жасалынды және анықталды.